

Геометриялық пішіндер қаласына саяхатКамалова Гулжамал Балгаевна
"№50 сәбилер бақшасы" МҚКК
тәрбиешісі

Мақсаты: Геометриялық фигураларды төрт сипаттама (түсі, пішіні, көлемі, қалыңдығы) арқылы сұраптау білу.

Міндеттері:

Білімділік: 1-10 ға дейін сандарды қайталап, білімдерін бекіту. Геометриялық пішіндерді айырып, салыстыруларын бекіту. Сандарды атап арифметикалық есептер шығару.

Дамытушылық: Логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тапқырлығын арттыру. Санамақтар айтқызып математикалық ойын арқылы балалардың тілдерін дамыту.

Тәрбиелік: Зейінділікке, ойшылдыққа, қамқорлыққа, бір-бірімен қарым-қатынас жасау білу тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Әдемі түстермен (геометриялық пішіндермен) үй суреті, геометриялық пішіндердің суреті.

Үлестірмелі: Әр балаға 3 түсті үлкен-кіші геометриялық пішіндер, сандар, карточкалар, «смайликтер», Хан патшайымның хаты, Нолик ойыншығы.

Әдіс-тәсілдер: Көрнекілік, түсіндіру, сұрақ-жауап, көркем сөз, Дьенеш логикалық блоктармен, Кюзинер есепшотымен жұмыс өткізу, Петерсон, дидактикалық ойындар.

Сөздік жұмыс: геометриялық фигуралар, сипаттама, пішін, «Досы көпті жау алмайды», құрсау

Қостілділік сыңары: Бір-один-one, екі-два-two, үш-три-three, төрт-четыре-four, бес-пять-five. жасыл-зеленый-green(грин), қызыл-красный-red (ред), сары-желтый-yellow (елоу), ақ-белый-white (уайт), көк-синий-Blue(блу), үшбұрыш-треугольник-triangle (трайэнгл), төртбұрыш-квадрат-rectangle (ректангл), шеңбер-круг-circle (сүкл), пішіндер-фигуры-shapes (шейпс)

Алдын –ала жүргізілген жұмыстар: балаларды техникалық құралдармен –ұялы телефонмен, компьютермен таныстыру. Оларға «компьютерлік бағдарлама», «вирус» «антивирус» деген ұғымдар жайында түсіндіру. Дьенеш логикалық блоктарымен ойындар өткізу.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

-Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті, сондықтан балалар шуағын төккен «күнмен», «мейірімді аспан атамен» және бізге келген қонақтармен амандасайық:

Сәлем деймін достарға

Сәлем деймін құстарға.

Сәлем деймін құрдасқа,

Сәлем деймін ұстаздарға.

-Өте жақсы балалар.

3 тілде амандасу.

Ұйымдастыру-ізвестіру

Ұйымдастыру кезеңінде балалар шеңбер бойымен тұрып сұрақтарға жауап береді.

. Бір аптада неше күн бар? (7)

-Қанша демалыс күн бар? (2)

-Жексенбі, жұма аралығындағы күнді ата (сенбі) – Бүгін сейсенбі болса, ертең қай күн? (сәрсенбі)

- Аптаның төртінші күні қай күн? (бейсенбі)

- Аптаның бірінші күні қалай аталады? (дүйсенбі)

- Біз кешке тамақтанамыз, ал жаттығуды- (таңертең жасаймыз)

- Көктемде ағаштар - (бүршік атады)

--Қай уақытта сарғайып түседі- (күз мезгілінде)

- Суға шомылып, демалатын уақыт- (жазда)

- Шаңғы теуіп сырғанап ойнайтын уақыт- (қыста)

-Қазір қай жыл мезгілі? Неше ай бар? Қазір қай ай?

- Бір жылда неше мезгіл бар? (4)

- 1-ден 10 ға дейін кері орысша санау (10,9,8,7,6,5,4,3,2,1,0)

- Ағылшынша 1-ден 10-ға дейін санау (уан, ту, сри, фо, файф, сикс, сэбэн, эйт, найн, тэн) Апта туралы санамақ білесіңдер ме?

-Сендердің алдарында «Көңіл-күйдің бет-бейнесі» жатыр, қолдарына алып сабақты қандай көңіл-күймен бастайтындарын бір-біріне көрсетіндер.

-Балалар, сендерге тағы да бір қонақ келді, оны білу үшін мына аудиожазбаны тыңдаңдар. (Фиксики)

Қай мультфильмнен бұл ән? Дұрыс айтасыңдар. Бірақ қонағымызды көру үшін біз көзге жаттығу жасау керекпіз, сонда бірақ көреміз.

Ал Фиксиктер қазірдің өзінде мұнда шығар, көзге жаттығу жасайық және мүмкін біз оны көреміз

Көзге арналған Физминутка "Фиксиктер қайда?"

Көздерге демалыс беру керек, біз тез көзді жұмып ашамыз. (Тез тонау)

Бір, екі, үш, төрт, бес, біз іздейміз.

Көзді төбеге салыңыз. (Жоғары қарау)

Басты түсіреміз – үстелге қараймыз (Төмен)

Тағы да жоғары – қай жерде Фиксиктер жүгіреді? (Жоғары)

Және шеңбер бойынша қараймыз.

Біз көзімізді алақанмен жабамыз.

Біз тағы да көзімізді ашамыз, оларды жұмысқа баптаймыз.

Балалар көзді жабатын кезде тәрбиеші Нолик ойыншығын алып, оны үстелге қояды. -Бұл не екен? Дұрыс айтасыздар, бұл Фиксик! Олар қайда тұрады? Иә, Фиксиктер-әр түрлі аспаптарда, адамның қолымен жасалған заттарда тұратын адамдар. Білесіздерме, Фиксиктердің мұндай белгісі бар: үш саусақпен алақан. Кейде бұл сәлемдесу әрекеті, бірақ көбінесе бұл жақсы жасалған жұмыстың белгісі. Фиксиктер жиі киімдерді, жұмыс құралдарын және қозғалыс құралдарын әшекейлейтін ерекше белгіні пайдаланады

Тәрбиеші: Фиксиктердің бірі Ноликка сәлем бейрейік.

Нолик: Сәлем, Мен Нолик.

Тәрбиеші: Балалар, мен Ноликті топқа шақырдым.

Нолик: Енді біз доспыз, тек құпия.

Аудио сигнал («компьютерлік вирус»)

Ноликтің көңіл-күйі жоқ, өйткені ол математика еліне саяхатқа шыққысы келді, бірақ қалай баратынын білмейді. Сендер оған көмектесесіздерме? Сендер ақылды балалар деп естіп келді. Ал бізге математика Ханшайымынан хат келді, оны Патшайымның достары әкелді Қандай достары екенін жұмбақ шешіп атайық.

Жұмбақтар:

Атына сай балалар,

Үш бұрыш үш жағы бар?

Ол пішінді кім табар? (Үшбұрыш)

Дөпқа өзі ұқсайтын


Ерекше бір пішін бар.

Атын оның атаңдар (дөңгелек)

Дөңгелек пен Үшбұрыш (тақтаға пішіндердің бейнесін ілу)

• Геометриялық пішіндер қаласында қиын жағдай болыпты-сол қаладағы компьютерлік желіге вирус түсіпті дейді. Компьютерлердің бәрі тұрып қалған, керекті ақпараттарды көрсетпейтін көрінеді.

-Патшайым соны емдеуімізді сұрайды. Көмектесеміз бе? Ноликтің де көмегі тиіп қалар. Балалар, біз Ноликке де Хан Патшайымына көмектесемізбе? Олай болса тезірек асығайық. Геометриялық Пішіндер қаласына поезбен баруды ұсынамын. Ол үшін, поезды алдарындағы жатқан үлкен геометриялық пішіндерден құрастырып алайық.



-Қандай пішіндерді пайдаландық? Ал тез вагондарға орналасайық. Сақ болыңыздар, есік жабылады, поезд жолға шықты (поездің дыбысы)

-Балалар, жолда ішіміз пыспас үшін сендермен

«Сұрақ-жауап» ойының ойнайық, жауабын ауызша емес, карточкамен көрсетеміз.

Дидактикалық ойын «Сұрақ-жауап»

Мақсаты: Балалардың санды есту және оны цифрмен көрсету дағдысын қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Әр баланың алдында 1-ден 10-ға дейін цифрлар.

-Кемпірқосақта неше түс бар?

-Бағдаршамда неше көз бар?

-Қолғапта неше саусақ бар?

-Адамда неше өз бар?

-Жұлдыздың неше бұрышы бар?

-Аспанда неше күн бар?

-Адамда неше саусақ бар?

-Балалар, міне соңғы аялдамаға келдік. Бұл көңілді пішіндер қаласы. (Тақтаға әр түрлі түсті пішіндерден салынған үйлер, ағаштар ілінген.)

1 тапсырма. «Салыстырып толықтыр»

Кейбір геометриялық фигуралар жоғалып қалыпты, біз оларды тауып орындарына орналастыру керекпіз. Ол тапсырма орындау үшін алдарындағы қызыл үшбұрышы бар конвертті алыңдар, ішіндегі карточкадағы тапсырманы орындап, бір-бірінді тексеріңдер.

Мақсаты: талдау арқылы пішіндерді орналастыру, пішіндер туралы білімдерін кеңейту.

-Мұнда көңілді болғанымен біздің уақытымыз жоқ, кетуіміз керек, сондықтан бізге тапсырмаларды орындауға қажет.

2 тапсырма

«Петерсон» Вирус біздің геометриялық пішіндерді білетінімізге сеңбейді, сондықтан осындай тапсырма беріпті:

-Сұрақтарға жауап беру

-Қызыл шаршы мен сары дөңгелектің ортасында қандай пішін орналасқан?

-Неше дөңгелек? Неше шаршы? т.б.

-Өте жақсы, міне тағыда Вирусты жоюға 2-ші анти-вирус таптық, көмегімізді әрі қарай жалғастырайық.

3 тапсырма «Санамақ айту»

Біздің үйде бір тауық,

Бір жұмыртқа жүр тауып.

Бір сиыр бар қорада,

Бәтіш тәтем жүр сауып.

Екі аяқпен жүремін,

Екі көзбен көремін.

Екі қолым бар менің,

Екеу құлақ білемін.

Үйімде бар үш қалам,

Үшеуінде ұштағам.


Үш досымды салдым мен,

Үш балыққа ұқсаған.

Төрт дөңгелек арбада,

Төрт аяқ бар малда да...

Тауыса алмай бидайды,
Төрт тышқан жүр қамбада.
«Бестік» деген бағаны,
Бақыт күнде алады.
Бәрі жақсы көреді,
«Беске» оқыған баланы.



Тағыда бір вирусты жойдык
Физминутка «Помогатор»

4 тапсырма

1 топ «Түсі, пішін, өлшемі бойынша пішіндерді орналастыру»

2 топ Дьенеш блогымен жұмыс

Тапсырманы орындаған соң фиксика белгісін көрсету.

5 тапсырма

1 топ Кюзинер есепшотымен робот құрастыру

2 топ Дьенеш блогымен балық құрастыру

6 тапсырма «Сандар»

1 топ «Көрші санды тап»


2-топ: «Кем, артық»

7 тапсырма

1 топ Ойын есеп: «Кел бояйық!»

Шарты:

Ұзын қарындашты көк түспен, қысқа қарындашты қызыл түспен боя.



2 топ «Сурет арқылы есеп шығару»

-Вирусты жойдык. Нолик пен пішіндерге көмектестік, енді пойызға отырып топқа қайтайық.

Рефлексия:

-Бүгінгі оқу іс әрекетіміз сендерге ұнады ма? Несімен? Балалар, сабақтың басында мен сендерге көңілді бет –бейнелер тараттым. Оқу іс-әрекеті ұнаса, осы смайликтермен біз фотоға түсіп геометриялық Хан Патшайымына электрондық пошта арқылы жіберейік. Компьютерді жөндік қой біз, енді Вирус жок.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: сандарды, пішіндерді, кеңістікті бағдарлауды.

Нені игерді: Дамытушы ойындар арқылы ой қабілеттерін дамыту. Сандарды ажыратуды, кері тура санауды, сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеру керек.

Нені меңгерді: Жұмбақ шешуді, сұраққа жауап беруді, логикалық ойлауын, есте сақтауды.